

Кадыров Б.К¹., Рамазанова К.Б¹.

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей қаласы

e-mail: bekaadyr@mail.ru

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Аннотация

XXI ғасырдағы әлемдік тәртіп архитектурасының қалыптасуы жаһандық цифрландыру және жасыл трансформация жағдайында тұрақты даму үшін дамып келе жатқан үрдіс кезінде елдер мен компаниялар арасындағы өсіп келе жатқан бәсекелестіктің күрделі процестерінің үйлесімі негізінде жүреді

Басқарудың мемлекеттік және жергілікті деңгейлерінде дамудың жаңа экономикалық моделіне көшудің негізделген шарттары орнықты даму тұжырымдамасын іске асыру сәтін жақындатуға мүмкіндік беретін қызметтің негізгі бағыттарын айқындайды.

Ғылыми мақалада мемлекет пен қоғамның жаңа Қазақстан дәуіріндегі трансформациясы мәселелері, қарқынды өзгеріп отыратын жаһандық геосаяси жағдай мен ұлттық экономиканы аймақтандыру жағдайындағы макроэкономикалық тұрақтылық үрдістері зерделенді, тұтастай алғанда елдің де, жекелеген өңірдің де орнықты дамуына ықпал ететін практикалық ұсынымдар жасақталды.

Кілт сөздер: қоғам, мемлекет, трансформация, жаһандану, реформа, ұлттық экономика, саяси жаңғыру, геосаяси жағдай

Кадыров Б.К¹., Рамазанова К.Б¹.

¹Alikhan Bokeikhan University

Қазақстан, Семей

e-mail: bekaadyr@mail.ru

Трансформация государства и общества в эпоху формирования нового Казахстана

Аннотация

Формирование архитектуры миропорядка XXI века происходит на основе сочетания сложных процессов растущей конкуренции между странами и компаниями при глобальной цифровизации и разворачивающемся движении за устойчивое развитие в условиях зеленой трансформации.

Обоснованные условия перехода на новую экономическую модель развития на государственном и локальном уровнях управления определяют основные направления деятельности, позволяющие приблизить момент реализации концепции устойчивого развития.

В научной статье освещены вопросы трансформации государства и общества в эпоху нового Казахстана, изучены тенденции макроэкономической стабильности в условиях динамично меняющийся глобальной геополитической ситуации и регионализации национальной экономики, разработаны практические рекомендации, способствующие устойчивому развитию как страны в целом, так и отдельного региона

Ключевые слова: общество, государство, трансформация, глобализация, реформа, национальная экономика, политическая модернизация, геополитическая ситуация

¹Kadyrov B.K., ¹Ramazanova K.B.

Alikhan Bokeikhan University

Kazakhstan, Semey

e-mail: bekaadyr@mail.ru

Transformation of the state and society in the era of the formation of a new Kazakhstan

Annotation

The formation of the architecture of the world order of the XXI century is based on a combination of complex processes

of growing competition between countries and companies with global digitalization and the unfolding movement for sustainable development in the context of green transformation.

Reasonable conditions for the transition to a new economic model of development at the state and local levels of government determine the main areas of activity that allow us to bring the moment of implementation of the concept of sustainable development closer.

The scientific article highlights the issues of transformation of the state and society in the era of the new Kazakhstan, examines the trends of macroeconomic stability in a dynamically changing global geopolitical situation and the regionalization of the national economy, develops practical recommendations that contribute to the sustainable development of both the country as a whole and a separate region

Key words: Society, State, transformation, globalization, reform, national economy, political modernization, geopolitical situation

Алаштың басты мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу болатын. Бұл жедел жаңғыру, яғни модернизация біздің бағытымызға да сай келеді. Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруге табыстап кетті.

Алаш алыптары бастаған қазақ зиялылары ХХ ғасыр басында еліміздің еркіндігі үшін күресті. Біз бүгін Тәуелсіз Қазақ Елінде өмір сүріп отырмыз, яғни «Кешегі Алаш идеясы – бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан!».

Жаңа Қазақстан дәуірін қалыптастыру кезеңінде әділетті шешім қабылданып, 25 жылдан кейін заманында ұлы қозғалыстың орталығы қасиетті Семей қаласына облыс орталығы мәртебесі беріліп, облысқа ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаевтың есімі берілді. Алдағы уақыттағы біздің мақсатымыз осындай алып тұлғалардың жүріп өткен жолын, ерлікке толы еңбектерін бағалау, жас ұрпаққа жеткізу. Жаңа Қазақстан дәуіріндегі мемлекет пен қоғамның трансформациясын сапалы, өзара байланыста, жүйелі түрде жүзеге асыру.

2022 жылдың 16 сәуірінде ел президенті «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» атты кезекті жолдауын Қазақстан халқына жариялаған болатын. Бұл жолдауда халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру бағыттары айқындалып, тәуелсіз 30 жылда жіберілген қателіктерді жоюдың қажеттіліктері айқындалды.[1]

Реформа, сол реформа жасау үшін ғана емес, нақты, өзекті мәселелерді шешу үшін, халықтың әл – ауқатын көтеру үшін жасалуы тиіс.

Бірінші кезекте, зерттеу тақырыбына сай қазіргі кезеңдегі мемлекет пен қоғамның трансформациясы мәселесін қарастырсақ.

Жалпы трансформация, ол бір жүйеден екінші бір жүйеге, бір күйден, басқа күйге өту

үрдісін білдірсе керек. Өтпелі кезеңнің әлемде бірнеше үлгілері де бар. Атап өтсек оларды «градуализм» (эволюциялы) және радикализм (революциялы) деп бөліп көрсетуге болады.

Кез келген кезеңде реформа табыс әкелмесе, алдыңғы кезеңге оралып, қайта қарастырып, содан кейін қайталап көруге болады. Біртіндеп жүру қоғамның өмірдің барлық салаларындағы өзгерістерге реакциясы ретінде елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың шектен тыс шиеленісу мүмкіндігін де азайтады.

Әлемдік тәжірибе бойынша градуализмді жүзеге асыру мысалдары Венгрия мен Қытай болып табылады.

Венгрияда нарықтық реформалар 1960 жылдардың аяғында басталды. Оған дейін олар саяси жүйені өзгертуді болжаған жоқ. 20 жыл ішінде, 80-ші жылдардың соңына дейін Венгрия басшылығы еркін баға мен жеке кәсіпкерлік өрісін біртіндеп кеңейтті. Мемлекеттік секторда да қызметтің коммерциялық шарттары біртіндеп енгізілді. Келесі он жылда трансформация ақылы жекешелендіру және күшті банк секторын құру арқылы жеделдетілді. Соңғы жылдары Венгрия кәсіпорындарды реформалау және шетелдік капиталды тарту бағдарламаларын сәтті жүзеге асыруда.[2]

Дегенмен, баяу жүргізілген реформалар Венгрия экономикасының ұзақ уақыт тоқырау кезеңіне әкелгенін атап өткен жөн. Осылайша, мұндағы экономикалық өсу 1986 жылы тоқтап қалды. және он жылға жуық уақыттан кейін ғана - 1990 жылдардың ортасында қайта жалғасты. Венгрия мемлекеті жоғары әлеуметтік шығындарды көтереді, бұл көбінесе бюджеттің қаржылық мүмкіндіктерінен асып түседі. Сондықтан Янош Корнай Венгрияны «мезгілінен бұрын дүниеге келген әлеуметтік мемлекет» деп

атады. Жоғары әлеуметтік шығындардың ауыртпалығы инфляцияны жеделдетеді және Венгрия үкіметін мерзімді түрде үнемдеу бағдарламаларын қабылдауға мәжбүр етті.[3]

Қытайдың градуалистік тәжірибесі әлемде сәтті деп саналады. Шынында да, 1980 жылдардың басынан бастап Қытай экономикалық реформаларды жүргізе отырып, жоғары даму қарқынын сақтай алды. Жылына 10%-ға дейінгі экономиканың қарқынды өсуінің арқасында Қытай әлемдегі жетекші елдердің ондығына енді және таяу жылдары Батыстың озық елдерін қуып жететін болады. Қытай реформаларының принципін «прагматизм» сөзімен сипаттауға болады. Қытай басшылығы мүмкіндігінше нарықтық қатынастарға араласпайды, қажет деп тапқан жерде мемлекеттік бақылауды сақтайды. Оған дәлел Мао Цзэ Дун жылдарында да жеке жер меншігі, шағын және орта қалалық өнеркәсіп те тауарлық сипатқа ие болған ауыл шаруашылығы.

Қытайдың жоспарлы экономикадан нарықтық жүйеге көшудегі негізгі стратегиясы шешім қабылдауды бірте-бірте орталықсыздандыру, оның ішінде экономиканы либерализациялау болып табылады.

Қытайдағы экономика ғалымдарының басым көпшілігі градуализм принциптерін абсолюттендірмейді немесе идеализацияламайды, сонымен қатар оны кез келген жағдайда қолданылатын әмбебап рецепт деп санамайды. Градуализмнің де іс жүзінде елеулі кемшіліктерге ұшырайтыны ашық мойындалады: реформаларды тиімдірек жүзеге асыру үшін бірқатар мүмкіндіктер жіберіп алынды; «екі жолды экономика» шеңберінде ескі және жаңа институционалдық құрылымдардың ұзақ уақыт қатар өмір сүруі экономикаға инфляциялық қысымды сөзсіз күшейтті, баюдың заңсыз әдістерінің таралуына және кірістерді бөлудегі жалпы теңсіздіктің өсуіне түрткі болды; үлкен аймақтық айырмашылықтар; сыбайлас жемқорлық; мемлекеттік кәсіпорындардың тиімсіздігі және т.б.

Өтпелі экономиканың қысқаша тарихы постсоциалистік елдердің барлығы дерлік сол немесе басқа дәрежеде «шок терапиясы» доктринасын басшылыққа алғанын көрсетеді.

Кейбір елдерде, мысалы, Польшада, Чехияда және Эстонияда бұл тәжірибе айтарлықтай табысты болды.

Зерттеу жүргізу нәтижесінде айқын болғандай, еліміздің бірінші басшысының да, қазіргі ел президентінің де кезекті жолдаулары жаңа дәуірді қалыптастыру, толып жатқан сын – қатерлермен күресуге бағытталған. Мысалы: Н.Ә.Назарбаевтың кезекті жолдауында Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы айтылып, бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз – делінген. Сондықтан, әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі – деп тұжырым жасаған.[4]

Ал, қазіргі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 16 наурызда Қазақстан халқына Жолдауында - халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру – менің Мемлекет басшысы ретіндегі басты міндетім. Саяси жаңғыру болмаса, елімізді орнықты дамыту, ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес. Бұл – анық нәрсе. Біз екі жарым жылдың ішінде осы бағытта нақты нәтижеге қол жеткіздік – деген болатын.

Көріп отырсақ бәрі де бір формула, ұранды сөздер көп, нақты нәтиже шамалы сияқты.

Қарама – қайшылықты да байқау қиын емес, Н.Назарбаев бірінші экономика, содан кейін саясат десе, қазіргі ел президенті бірінші саяси жаңғырусыз ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгеріс жасау мүмкін емес дейді.

Біздің ойымызша, өркениетті дамыған елдер тәжірибесіне сүйенер болсақ (Жапон, Туркия, Араб елдері және т.б.) өзінің мәдениеті мен салт-дәстүріне негізделген қоғамдық қарым – қатынастарды дамыту арқылы үлкен жетістіктерге эволюциялы жолмен қол жеткізе алған.

Бірнеше озық шетел тәжірибесін оқып – зерттеу нәтижесінде кез – келген қоғамды трансформациялауда, жаңа дәуірге көшіруде

мәдениет пен ұлттық болмыстың ерекше орын алатындығына көз жеткізе алдық. Осыған орай басымдық берудегі дамытудың анағұрлым

дұрыс келесідей моделін ұсынуға болады:



Сурет1. Жаңа дәуірді қалыптастыруда басымдық берудегі үлгі/модель
Ескерту: зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Бұдан шығатын қорытынды: мәдениеті жоғары қоғам, жеке тұлға теріс қылықтардан, ұлтын, жерін сатудан, парақорлық пен жемқорлықтан аулақ болады. Қазіргі қоғамда шынайы мәдениеттің белгісі – орынсыз сән-салтанат емес. Керісінше, ұстамдылық, қанағатшылдық пен қарапайымдылық, үнемшілдік пен орынды пайдалану көргенділікті көрсетеді.

Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында.[5]

Қазіргі таңда қоғамымыз басым түрде білімді, креативті, бірақ көңілдері пәс, рухтары жұтаң, өз мүддесін қоғам мүддесінен жоғары ұстайтын адамдарға толығып кетті. Нәтижесінде, тәуелді, көлеңкелі экономика, сапасыз өнім, жайлаған жемқорлық, тозығы жеткен жүйе, бас пайдасы үшін барын сатуға дайын тұлға.

Міне, уақытында осы үрдіспен күресу үшін «Рухани жаңғыру» ұлттық бағдарламасы жариялаған болатын. Көкірегі ояу, көңілі сергек азаматтар өз керегіне

жаратып, бағыттарын айқындаса, басым көпшілік үлкен бір корпорацияның кезекті жарнамасы ретінде қабылдады (соған қарап жаңа Қазақстанды құру да бос дақырт болып кетпейді ме деп қауіптенеміз).

Солардың ішінде студент – жастар да жоқ емес. Бұл өзге үшін емес өзіміз үшін керек екенін әлі күнге дейін жетік түсінбеуде. Рухани жаңғырудағы ұлттық сана-сезім көкжиегін кеңейтуде екі нәрсенің басын нақты ашылып көрсетіліген. Оның бірі ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғырудың болмайтындығы. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту. Мұндағы басты идея болашақ пен өткенді үйлесімді сабақтастыра білу, яғни озығын алып, тозығын тастау – деген болатын.[6]

Саяси жаңғыру

Ал енді саясатқа келер болсақ, Рухы мықты елдің – ұстанымы берік болады. Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңіледі деген. Өркениетті елдермен тереземіз тең болсын десек қоғамымызға ауыз бірлік керек. Бұл ретте, және де ұстанымымыз «Мәңгілік ел» идеясы төңірегінде шоғырлануы тиіс. «Мәңгілік Ел» идеясы мемлекет құраушы халықтың сан ғасырлық құндылығын ұлықтауын, көпұлтты, көпдінді ахуалымызды, бірде-бір

этносқа қандай ғана болмасын басымдық берілмейтінін меңзейді. Сөйтіп, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бағыт-бағдарын, межесі мен мәресін айқындайтын іргетасқа төл тарихымыздың қойнауында қалыптасып, ұрпақтан ұрпаққа аманатталған, бәсеке мен сынақтардан шыңдалумен бүгінге жеткен бабалар арманы болып саналады.

Экономиканы трансформациялау процесі

Экономика еш уақытта сындарлы саясатсыз құрылмайды. Экономика мен саясат бас пен мойын іспеттес. Саясатымыз қалай құбылса, экономикамыз да солай өрбиді. Тыныш қоғамда тұрақтылық, ертеңіне деген сенім болады. Кез – келген дамыған елде ЖІӨ-дегі шағын және орта бизнеспен өндірілетін отнадық тауар үлесі 60-70%-ды құрайды, яғни экономикалық қауіпсіздік талаптарына сай (Қазақстанда ол көрсеткіш 17-23% төңірегінде). Алғашында шикізат бағытында дамып кейін өңдеуші секторға, отандық тауарды импорттауға көшкен көптеген елдерді мысал ретінде келтіруге болады: Сингапур, Біріккен Араб әмірліктері, Жапония, Катар және с.с. Біздің елімізде, өндіруші саладан – өңдеуші салаға өту күрделі, қарама-қайшылықты жағдайда. Әлі күнге дейін заманауи, жаһандық талаптарға дайын емеспіз, экономикада сәйкес инфрақұрылым жеткіліксіз. Елімізде ауқымды, аты зор жобалар жетіп артылады, үлкен пәрменмен ашылып, кейін құрдымға кетуде, бөлінген қаражат ысырап болуда. Бірнеше мысал келтіруге болады, осыдан бірнеше жыл бұрын «Корпоративті 30 көшбасшы» жобасы бастау алған болатын, өкініштісі сол экономикамыздың локомативіне айналуы тиіс сол кәсіпорындар бүгінде не бары, не жоғы екені белгісіз, тиімділік қайтымы көрінбейді.

2000 жылдардан бергі уақыттарда Қазақстанда бірнеше өндірістік орындар ашылды, оларға қыруар ақша қаражаты бөлінгеннен бұрын оларға елімізде сапалы өнім шығарады, инновацияны дамытуды тездетеді деген үміт артылған болатын. «Каспий электроникс» инновациялық жобасы Ақтау қаласында 2011 жылы салтанатты түрде ашылған. Завод планшет пен плазмалық телевизорлар өндірісімен

айналысуы керек болатын. Жобаны жүзеге асыруға бюджеттен 800 млн.тн. бөлінген. Жылына 67 мың планшет, компьютер, 40 мың теледидар, 43 мың мониторлар шығарылады деп жоспарланған. 2013 жылы белгісіз себептермен зауыт шығынға батып, жабылып тынған. Тергеу нәтижелері көрсеткендей зауытқа небәрі 20 млн теңге ғана түскендігі анықталған, қалған қаражат ізім-ғайым жоқ. Ең сорақысы бұл зауытта бірде – бір жоғарыда аталған өнімдер жасалмаған. Алайяқтық жасалмағанда бұл заут 30 жылда бүкіл Қазақстанды отандық өнім планшеттерімен қамтамасыз ететін еді. [7]

2006 жылы Солтүстік Қазақстанда «Биохим зауыты» салтанатты ашылды. Бұл ТМД елдерінде баламасы жоқ деп дәріптелген бірден – бір кәсіпорынға бюджеттен 88,6 млн. АҚШ доллары жұмсалған. Бұл кәсіпорынға жүктелген міндеттер көп еді (жылына 27,0 мың тонна ашытқы, 25,600 мың тонна көмірқышқыл газын, 58,0 мың тонна ұн өндіріледі деп жоспарланған), алайда 2012 жылы сот кәсіпорынның банкротқа ұшырап жабылғанын хабарлады.

2011 жылы Қарағанды облысында ұшақ шығаратын «КазАвиаСпектр» зауыты елбасының қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Жалпы жоба құны 1,6 млрд тн. құрады. Ресей мемлекетінің серіктес компаниясы керекті жабдықтарды уақытында жеткізбеді деген сылтаумен 5 жылға созылған дау соңында, бірде – бір ұшақ шығармай компания жабылып тынды. Міне айта берсе мысал жетерлік. Осындай жемқорлық әрекеттері мен кәсібилік деңгейдің төмендігі елімізде жаңа жаңғырған экономиканы қайдан қалыптасырады.

Мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы ҚР Агенттігі мәліметі бойынша 2001 – 2016 жылдар аралығында жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде ел экономикасына 240 млрд тенге материалдық шығын келтірілген. Ал, көлеңкелі экономиканың үлесі ЖІӨ – ің 38,88% - ын құраған (Халықаралық валюта қоры мәліметі негізінде).

Шешу жолдары қандай:

Өркениетті елдер тәжірибесі

көрсеткендей шамамыз, әлеуетіміз жетпейтін қисынсыз, мега жобалардың орнына қарапайым дәстүрлі салаларды дамытып,

басымдық беріп, басқа салаларды соның төңірегінде шоғырландыру қажет.



Сурет 2. Елімізде басым салаларды дамытудың өзара байланыс сызбасы
Ескерту: зерттеу барысында автормен құрастырылған

Қазіргі уақытта, шикізат бағытты мемлекеттердің бәрі дерлік экономикасын әртараптандыру қамын жасауда, ел ертеңі ақылды экономикаға негізделуде. Ал ондай экономиканы қалыптастыру білімді, жоғары біліктілікті талап етеді. Қазақстан экономикасының табиғи, адами, қаржылық ресурстық мүмкіндігі жеткілікті, тек сапалы ұйымдастыру жоқ деп санаймын, яғни 80 пайыз күш – жігеріміз, 20-ақ пайыз нәтиже беруде (заңдылық бойынша керісінше болуы тиіс).

Экономикамызды жақсартамыз деп шетел капиталын, саудасын молынан тарту да қатерлі, экономикалық қауіпсіздік талаптарынан шықпауымыз дұрыс. Сауда әрқашан бір жақты емес, екі жақты тиімділік қағидасына негізделуі тиіс. Осыдан сан жылдар бұрын аса көрегендікпен айтқан алаш арысы Жүсіпбек Аймауытов: «Қытайдың соғысынан емес, саудасынан қорқу керек. Ел алу, жер алу – Қытайға түкіргеннен де оңай. Ол көптігімен алады. Қаулаған өрттей басып қалады. Қытай өзімен қонсылас елдерді соғысып жойған жоқ, сауда жасап жүріп-ақ жұтып қойды» - деген екен. Бұл тек Қытай мемлекетіне ғана қатысты емес, барлық алпауыт мемлекеттер тек өз мүдделерін қорғайды, ешбір ел біздің бәсекеге қабілетті болуымызды құптап, қол ұшын созбайды,

«өзім дегенде – өгіздей күші бар» - демекші тек өзімізге ғана сенейік ағайын. Қарапайым ғана экономикалық сауатты болу үлкен пайдаға кенелтпесе де, шығынға ұшыратпайды, ысырапқа жол бермейді. [8]

Әлем елдерінің жаһандық экономикаға тереңдеп енуі, өзара бір – біріне деген тәуелділікті арттырып, ұлттық экономиканың сыртқы факторларға тәуелділігін күшейткен болатын.

Ал, 2019 жылы басталған әлемдік деңгейдегі пандемия, елдердің керісінше оқшауланып, шекараларын жабуларына, коронадағдарыспен күресуде карантин шараларын күшейтулеріне мәжбүрледі.

Осы әлемдік дағдарыс еліміздің экономикасына да аз шығын әкелмеді. COVID-19 кесірінен 2020 жылдың қаңтар-тамыз айында ішкі сұраныс азайды. Оның үстіне, мұнай бағасының аяқ асты төмендеуі ел экономикасын 3%-ке қысқартты. Локдауннан көбіне қонақ үй бизнесі, сыртқы, ішкі бөлшек сауда, саяхаттау және демалу, тарнспорт (авиа, авто), офлайн-сервистік және ойын-сауық (шаштараз, кино, театр, фитнес, спорт) қызметтері үлкен зардап шексе, келесі салалар, керісінше ұтып, табыстарын еселеді: әсіресе азық-түлік және дайын тағам сататын жергілікті e-commerce (электронды коммерция), онлайн ойын-сауық,

медициналық препараттар мен тауарларды өндіру және сату, онлайн – медицина (кеңес беру), өмірлік маңызы бар өнімдерді өндіру және сату.


КСРО кезінен бастап Қазақстан Республикасының экономикасы жалпыодақтық нарыққа бастапқы қайта өңдеу өнімдерін өндіруге және жеткізуге, оның ішінде негізінен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, астыққа (бидай, қара бидай, күріш), жүнге, етке, сүтке, қара және түсті металл кендеріне, мұнайға, құрылыс материалдарына бағдарланған болатын.[9]

Соған қарамастан, Қазақстан сыртқы нарықта өз орнын тауып, сыртқы инвесторларды тарту және минералды қазбаларды бастапқы өңдеуді тиісті деңгейде дамыту үшін қолда бар шикізат ресурстарын

пайдалана алды. Бірақ тұрақты сұранысқа ие қазбалардың болуы ҚР-сы экономикасын шикізат тұзағына айналдырды, ол табыстың қолайлы деңгейі ғылымды қажетсінетін технологиялардың дамуын ынталандырмайды, терең қайта өңдеуді талап ететін өнімді шығаруды дамытпайды, сондықтан да, осындай пандемия жағдайында өнеркәсіп саласы дамыған елдер ғана аз зардап шегетіні заңдылық.

Еліміздің халықаралық экономикалық қатынастарға интеграциялануы жағдайындағы сыртқы сауда операцияларының құрылымы келесідей көрсеткіштермен сипатталады:


Қазақстандық экспорт негізінен ЕО (үлесі 48%), ҚХР (үлесі 14%), РФ (үлесі 10%), басқа елдерге (үлесі 28%) барады (Сурет 3).



Сурет 3. Қазақстандық экспорт

Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі мәліметі негізінде

Тауарлар импорты келесі елдерге тиесілі: РФ (үлесі 42%), ҚХР (үлесі 19%), ЕО елдері (үлесі 16%), басқа елдер (үлесі 25%) (Сурет 4).



Сурет 4. Қазақстанға тауарлар импорты

Ескерту: ҚР Ұлттық экономика министрлігі мәліметі негізінде

Диаграммадан көрініп тұрғандай, қазақстандық өнімнің негізгі экспорты ЕО елдеріне, ал импорты РФ – на келеді.

Сонымен қатар, экспорттың басым бөлігі минералды ресурстар, ал импорт – тұтыну тауарлары, жабдықтар, машиналар,

механизмдер және т.б., яғни ел экономикасының шикізат бағыттылығын көрсетеді.

Шикізат өндіруге бағдарланған экономиканың зияндылығын түсіну Қазақстанды 2006 жылы экономиканы әртараптандыруға және шикізаттық тәуелділіктен кетуге бағыт қабылдауға мәжбүр еткенмен, қабылданған шаралар жағдайды түбегейлі өзгертпегенін көріп отырмыз.[10]

Бүгінгі күні шикізат ресурстарын өндіру және сату экономика емес екені түсінікті. Туризм, ойын-сауық және тамақтану сияқты, кез-келген уақытта олардың операциялық қызметі эпидемиологиялық сипаттағы сыртқы факторлардың әсерінен тоқтатылуы мүмкін.

Сондықтан, өнеркәсіптік өндіріс кез-келген толыққанды экономиканың негізі болып табылады. Әр түрлі тауарларды, бірінші кезекте тіршілікті қамтамасыз ету мен қауіпсіздікке байланысты тауарларды өндіру мен шығаруды кез келген мемлекет кез келген жағдайда қамтамасыз ететін болуы тиіс.

Әлемдік экономиканың баяулауымен байланысты дағдарыс, корона вирусының пандемиясымен және шикізат бағасының төмендеуімен жаһандық экономикасы өсуінің төмендеуіне әкеледі және ең алдымен экономикасы минералды, энергетикалық ресурстарды өндіруге негізделген елдерде рецессияны тудырады. Шикізат өндіруге тәуелді елдердің экономикасын қалпына келтіру кешеуілдейді.

Мұнай бағасының ауытқуы біздің экономикамыздың әлеуметтік-экономикалық

жағдайына айтарлықтай әсер етуі мүмкін жағдай қалыптасты. Қазақстан бюджетінің шамамен 47% - ы "Мұнай кірістері" есебінен қалыптастырылады.


Алдағы уақытта әлемдік деңгейде мұнай құнының құбылмалы болуы аса қауіпті, оның одан әрі арзандауы Қазақстанның мұнай өндіру саласынан бюджетке түсетін түсімдерінің 25 доллар бағасымен тоқтатылуы мүмкін (қазіргі уақытта уақытша қолайлы жағдай қалыптасып мұнай бағасы әлемдік деңгейде бір баррельіне 110 долларға бағалануда, осы жағдайды экономиканы дамыту үшін мүмкіндік пайда болды).

Қазіргі дағдарыс елде тұрақты және теңгерімді экономика құру жөніндегі белгіленген шараларды іске асыруды жеделдетеді деп үміттенеміз. Ел экономикасын түбегейлі, әрі терең әртараптандыру курсына балама жоқ екені анық.[11]

Рухани, мәдени жаңғыру үрдісі

Бүгінде елімізге, Еуропаның жетік стандарттарын енгізу модаға айналып кетті, солардың өлшем критерийяларын негізге алудамыз. Сырт келбетіміз бір қарағанда, әлемдік қауымдастық алдында тәуір көрінгенімен, ішкі салаларымыз, тұрғындардың әлеуметтік – экономикалық жағдайы жүйесіз өзгерістер мен жаңалықтарға, реформаларға жауап беруге, ілесіп, бейімделуге үлгере алмауда. Аз сөйлеп көпті аңғартатын қазақтың қарапайым «Сырты бүтін, іші түтін» - сөзі осындайға айтылған сияқты.

Нақты ұсыныстар:



«Романтика мен поэзия ғасыры аяқталды, экономика мен компьютер ғасыры басталды» - деп бекерге айтылмаса керек.

Шынайы өмірде экономика мен компьютердің қыр – сырын меңгере бастаған қазіргі студент – жастардың романтикасы да, поэзиясы да әлеуметтік желіде өрбіп жатқаны баршамызға анық.

Жастарымыз киелі орын саналатын кітапханаға баруды сиретті, көркем әдеби шығармаларды былай қойғанда, мамандық бойынша арнайы оқу – құралдарын сөрелерде тұрып шаң басты.

«Кітап - білім бұлағы» деп өскен ұрпақ ешкімнен кем болған жоқ, интернет желісінен тек мәдениетті, білімді адам ғана өзіне керегін ала – алады, білімсіз адам қаптаған бос ақпаратпен тек санасын улайды.

Руханят, білім, мәдениет салаларын дамытуда үлгіні сырттан іздеудің қажеті шамалы, кешегі өткен ата – бабалар қалдырған құндылықтарды жаңғыртып, керегімізге жаратсақ та әлемдік көштен қалмаймыз. [12]

Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының сан-салалы мұрасынан, олардың ерен іс-

қимылдарынан алар тағылым мол. Сондықтан да Алаш қозғалысына өткен дәуірдің тарихы ретінде ғана қарамай, оны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде бағалап, бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатқандығына мән беріп, одан өрісті өнеге, ғұмырлы ғибрат алғанымыз дұрыс. Бұған мемлекеттік деңгейде де, зиялы қауым тарапынан да ерекше көңіл бөлінуі тиіс деп ойлаймыз. Сондай-ақ Алаш қозғалысының қарқынды жүруіне ерекше еңбек сіңірген, тіпті оның дүниеге келуіне атсалысқан бірқатар тұлғалардың есімдері арагідік болмаса, өз деңгейінде айтылмай да, бағаланбай да келе жатқанына назар аударуымыз қажет.

Ұлтының тарихын, әдебиетін білмеген халықты басқа мәдениетке аудару оңай. Біз де қазіргі жастар санасына елдің шынайы тарихын сіңіруіміз керек. Соның бірі – Кешегі Алаш идеяларын кеңінен насихаттау. Соның бір бағыты ретінде, жаңадан «Абай» облысы орталығы болатын қаламыздың қоғамдық-көрнекілік орындарын «Алаш» қайраткерлерінің патриоттық тәрбиелік мәнге толы нақыл-сөздерімен, өлең-жолдарымен, бейне-мүсіндерімен толықтыру деп білеміз. Осыған сәйкес, қаламыздың «Орталық саябағы» атауын «Алаш саябағы» деп өзгерту туралы бастаманы

қолдайтындығымызды бірауыздан ұсынамыз. Семей қаласы ұлы қозғалыстың орталығы. Ұлтын мәңгілік ойлаған алып тұлғалардың жүріп өткен жолы, ерлікке толған еңбектері дүниеге келген орталық. Сондықтан, Семей қаласының ұлы тұлғалардың ұстаханасы екендігіне сәйкес баға беріп, мемлекеттік құрылымдар, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер, зиялы қауым өкілдерімен бірлесе отыра тарихи-өлкетанушылық, мәдени-рухани тұрғыдан жүйелі зерттеулер жүргізіп, ғылыми топтамалар жасауды да ұсынамыз.

Рухани жаңғыруды жүзеге асыруда, әлемде ешкімге ұқсамайтын дербес ұлт болуымыз үшін «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыру міндеті қойылған болатын. Ендеше, қадірменді достар, ел болашағын қалыптастырудың, оның өнегелі мәдениеті, салиқалы саясаты мен ақылды экономикасын құрудың куәсі емес, белсенді қатысушысы болайық!

Пайдаланылған көздер тізімі

1. ktk.kz сайтының материалдары
2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауы, 16 наурыз, 2022 жыл, Нұр-Сұлтан қ-сы.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру /<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/533615-asym-zhomart-to-aevty-zholdauy-2022>
4. Қолданылған материалдарға міндетті түрде www.24.kz сайтына гиперсілтеме берілуі тиіс / Любое использование материалов допускается только при наличии гиперссылки на www.24.kz
5. Трансформация экономики Казахстана. Астана: Типография «IndigoPrint», 2019-368 с
6. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы: Монография. Екінші кітап, - Алматы: Мектеп, 2017. – 656 б
7. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999.-296 бет
8. Жұмаділов Қ. Академиктің көз жасы - : Хикаяттар, әңгімелер, сыр – сұхбат, ой – толғамдар. Алматы: мерей баспасы, 2015. – 416 бет
9. <https://baribar.kz/140852/pandemiya-qazaqstan-ekonomikasyna-qalaj-aser-etip-zhatyr/>
10. «2020 жылға арналған нақтыланған республикалық бюджет туралы» 2020 жылғы 8 сәуірдегі № 299 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. ҚР Президентінің Жарлығы
11. <https://mail.kz/kz/news/economic/pandemiya-zhagdaiynda-aman-kalu-ushin-shagyn-zhene-orta-biznes-cifrluk-biliktilikti-arttyruy-kazhet#hcq=xl6O3js>
12. <http://marketingcenter.kz/20/rynok-nefti-investicii-kazakhstan.html#budget>

References

1. ktk.kz sajtynyn materialdary
2. Memleket basshysy Qasym-Zhomart Toqaevtyñ «Zhaña Qazaqstan: zhañaru men zhañgyru zholy» atty Qazaqstan halkyna zholdauy, 16 nauryz, 2022 zhyl, Nұr-Sұлtan қ-sy.
3. Nұrsұлтан Nazarbaev. Bolashaqqa baғdar: ruhani zhañgyru /<https://24.kz/kz/zha-aly-tar/basty-zha-aly-tar/item/533615-asym-zhomart-to-aevty-zholdauy-2022>
4. Qoldanylған materialdarға mindetti tyrde www.24.kz sajtyna gipersilteme berilui tiis / Ljuboe ispol'zovanie materialov dopuskaetsja tol'ko pri nalichii giperssylki na www.24.kz
5. Transformacija jekonomiki Kazahstana. Astana: Tipografija «IndigoPrint», 2019-368 s
6. Qojgeldiev M. Alash kozғalysy: Monografija. Ekinshi kitap, - Almaty: Mektep, 2017. – 656 b
7. Nazarbaev N. Tarih tolkynynnda. – Almaty: Atamұra, 1999.-296 bet
8. Zhұmadilov Q. Akademiktіñ kōz zhasy - : Hikajattar, әngimeler, syr – sұhbat, oj – tolғamdar. Almaty: merej baspasy, 2015. – 416 bet
9. <https://baribar.kz/140852/pandemiya-qazaqstan-ekonomikasyna-qalaj-aser-etip-zhatyr/>
10. «2020 zhylға arnalған naқтыlanған respublikalyқ bjudzhet turaly» 2020 zhylғы 8 sәuirdegi № 299 bұjryғyna өзgerister men tolyktyrular engizu turaly. QR Prezidentiniñ Zharlyғy
11. <https://mail.kz/kz/news/economic/pandemiya-zhagdaiynda-aman-kalu-ushin-shagyn-zhene-orta-biznes-cifrluk-biliktilikti-arttyruy-kazhet#hcq=xl6O3js>

biznes-cifryk-biliktikiti-arttyruy-kazhet#hcq=xI6O3js

12. <http://marketingcenter.kz/20/rynok-nefti-investicii-kazakhstan.html#budget>

Сведения об авторах

Кадыров Берик Кайыпканович

Лауазымы: PhD докторы, бизнес және басқару кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University

Пошталық мекен-жайы: 071400-071417, Қазақстан Республикасы, Семей қаласы, Энергетик 1/100

Ұялы. Тел 8 777 997 94 24

E-mail: bekakadyr_phd@mail.ru

Кадыров Берик Кайыпканович

Должность доктор PhD, старший преподаватель кафедры бизнеса и управления, Alikhan Bokeikhan University

Почтовый адрес: 071400-071417, Республика Казахстан, г.Семей, ул. Энергетик1/100

Сот. тел: 8 777 997 94 24

E-mail: bekakadyr_phd@mail.ru

Kadyrov Berik Kaipkanovich

Position: doctor PhD, Senior Teacher of the Department of business and management, Alikhan Bukeikhan University

Mailing address: 071400-071417, Republic of Kazakhstan, Semey, ul. Power engineer 1/100

Mob.phone: 8 777 997 94 24

E-mail: bekakadyr_phd@mail.ru

Рамазанова Капура Балтабаевна

Лауазымы: Экономика ғылымдарының магистрі, «Бизнес және басқару» кафедрасының аға оқытушысы, Alikhan Bokeikhan University, Семей қ., Қазақстан.

Почталық мекен-жайы: Семей қ., Б Момышулы 10/68,

Электрондық адрес: Kapura1960@mail.ru

Ұялы телефон: 8-708-537-96-29

Рамазанова Капура Балтабаевна

Должность: магистр экономических наук, старший преподаватель кафедры «Бизнес и управление», «Alikhan Bokeikhan University», г.Семей, Казахстан.

Почтовый адрес: г.Семей, ул. В. Момышулы 10/68,

Электронный адрес: : Kapura1960@mail.ru

Сотовый телефон: 8-708-537-96-29

Ramazanova Kapura

Position: Master of Economic Sciences, Senior lecturer of the Department " Business and management", Educational Institution «Alikhan Bokeikhan University» Semey, Kazakhstan

Mailing address: Semey city, Karagaily 23/29

E-mail address: Kapura1960@mail.ru

Cells ph: 8-708-537-96-29